

# Мұғалім мәртебесін көтеру - маңызды міндет



Ұстаздық – ұлы міндет. Ұстазға құрмет – ұлтқа құрмет. Жырда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «мектептің жүргегі – мұғалімнің» қоғамдағы мәртебесін айқындайтын «Педагог мәртебесі туралы» заңға қол қойды. Шындығында, байыппен үнілсеніз, мұғалімнің мәртебесін, оның құқықтары мен өлеуметтік кепілдіктерін, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайтын бұл құқықтық құжаттың берері көп-ақ. Тәуелсіздік дәүірінде тұнғыш рет қабылданып отырған заңының маңызы ерекше екендігі де содан.

Жалпы, «Педагог мәртебесі туралы» заң 19 баптан тұрып, 4 бағытты қамтиды. Яғни, педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, ұстаз атаулыны қәсіби қызметіне кірмейтін түрлі қоғамдық жұмыстарға тартуға тыйым салу, мұғалімнің мемлекеттік міндеттерінің жаңынайтын мәннен қадір-қасиетіне құрмет көрсету секілді нормалар – жүрт күткен жағымды жаңағылтар.

Ал жоғарыда айтылған бағыттарда біріншіден, ұстаз құқығының тапталуына жол бермеу, екіншіден, улт ертеңін тәрбиелеушілердің қызметіне қойылатын талаптарды мейлінше қүшейту, үшіншіден, материалдық емес стимул төтіктерін іске қосу, төртіншіден, материалдық ынталандыру белгіленген.

Бұл құжатта, әсіресе, оқытушылардың өлеуметтік-тұрмыстық жағдайын көтеруге баса мән берілген. Мәселен, осы салағалымдарына PhD докторлығы үшін 17 есе, ғылым докторына 34 есе, кандидаттарға 17 есе, магистрлерге 10 еселенген айлық есептік көрсеткіш мәлшерінде қосымша ақы төлеу қарастырылса, ауыл-аймақтардағы ұстаздардың түрлі түйткілді өлеуметтік мәселелерін онынан шешу, бюджет есебінен қоммуналдық қызметтеріне де қолдау көрсету назарға алынған.

Біздіңше, бұл құжаттың басты артықшылығы, осы жылдан бастап сала мамандары жалақысының 25 пайызға арттырылуында. Мұғалім жалақысы алдағы 4 жыlda тағы екі есеге арттырылатын болады. Сондай-ақ келесі жылдан оку жүктемесі 18 сағаттан 16 сағатқа азайтылып, мектепке дейінгі мемлекеттердің онбек демалысы 42 күннен 56 күнге ұзартылмақ.

Ал былтыры елімізде «ҚР білім беруді және ғылымды

дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданғаны белгілі. Бұл баянды бағдарламаның да үрпақ тәрбиесіне жауапты жандарға, ардақты ұстаздарға зор міндет жүктеп отырғаны анық. Әйткені, бағдарламада айтылғандай, қоғамда сұранысқа ие дағылар мен рухани адамгершілік құндылықтарды бойына сінірген тұлғаны тәрбиелеу, дамыту онай шаруа емес. Келесі жылдан бастап кезең-кезеңімен орта білімді 12 жылдық оқыту моделінә қөшіру жоспарланып отырғанын ескерер болсақ, бұл оқыту жүйесінің оқушылардың жан-жақты жүйелі білім алушына үлкен септігін тигізетіні даусыз.

Оқыту, тәрбиелеу жолында жаңын салып жұмыс жасайтын ұлағатты ұстаздардың қоғамдағы орнын биiktetip, қызметтік жағдайын көтерсе, онда еліміздің болашағы да нұрлы болмақ. Мемлекет басшысының осы иті бастамасы еліміздің қарқынды дамуына онды ықпал етері сәзсіз. Сонымен қатар, барлығымыз да бұл іске қолдау білдіріп, алға қадам басуға күш салуымыз қажет.

**Сейдехан ӘЛІБЕК,  
М.Әуезов атындағы  
ОҚМУ колледжінің  
директоры, тарих  
ғылымдарының докторы**